

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...



**КИНО**

**Білім**

**Тұрмыстық  
техника**

**Киім**

**Төрт  
түлік**

**Ескерткіш**

**Отан**

**футбол**

**Әнші**


**Ұйқы**

**Шешуші  
сұрақ**


# Кино

XX ғасырда кино саласындағы ең қымбат актер.

1. Джек чан
2. Митхун Чахраборти
3. Чарли Чаплин



Джеки Чан, Чарли Чаплин, Митхун ХХ ғасырдың ең атақты актерлері. Десек те өз ісінің шебері болған Чарли Чаплин еді. Алғашында жай ғана актер болып жүрген ол кейін өзі де кино түсіріп, туындыларын халыққа ұсынды. 1917 жылы First National Pictures киностудиясы актермен 1 миллион долларға келісім-шартқа отырды. Осылай Чарли кино тарихындағы ең қымбат актер атанды. Айта кетелік, ол замандарда фильмдер дыбыссыз болатын.






# Білім

«Мектеп» сөзі грек тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- 1) Демалыс
- 2) Еңбектену
- 3) Шұғылдану



«Мектеп» сөзі грек тілінен аударғанда  
«Демалыс» деген мағынаны береді.



# Тұрмыстық техника



"Кондиционер» сөзінің қазақша атауы.

1. Желдеткіш
2. Салқындатқыш
3. Ауабаптағыш







Басқа тілден кірген, қолданыста жүрген тұрмыстық-техникалық заттар көп. Телефон, телевизор, сотка, компьютер, колонка және т.б. көп. Енді қазакем өз кезегінде қарап отырмай, осы терминдердің барлығын қазақшаға аударып шығады. Нәтижесінде қазақша жаңа сөздер пайда болады. Естіген құлақ қызық аудармалар көп. Телефон - сымтетік, сотка - ұялы сымтетік, немесе қалтафон, телевизор - теледидар, көгілдір экран деп жатамыз, айта берсең тізбектеліп кете береді. "Кондиционер" сөзінің қазақшасы "Ауабаптағыш!" біреулеріңіз естіген де боларсыздар, бірақ маған қызық көрінді. Салқындатқыш кондер, бірақ ол толық мәнін ашып бере алмайды, ал "Ауабаптағыш" толық мәнін ашып береді.





# Киім

Жарғақ шалбар неден тігіледі?

1. Теріден
2. Қатты матадан
3. Барқыт матадан



## Жарғақ шалбар

Иленіп, әбден өнделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынған жарғақ теріден тігілген шалбарды «жарғақ шалбар» деп атаған. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал-серілер салтанатқа киген.



# Төрт түлік

«Сәурік» деп неше жасар жылқыны айтамыз?


- 1) Аталық жылқы
- 2) Енелік жылқы
- 3) Жас айғыр





Жылқы жылқы \_ қазақтың мал шаруашылығында негізгі орынды ұстайды. жылқы түлігі сәуірден бастап шілдеге дейін үйірге қосылады. биелер үйірге қосылып он екі айдан соң құлындайды. жақсы жылқы 20 \_ 30 жасқа дейін жасайды.


Айғыр - аталық жылқы, сәуірік -жас айғыр. Бие -енелік жылқы. Құлық - алғаш құлындаған бие. Қысырақ - үйірге алғаш қосылған жас мал. Мама бие - көп құлындаған жуас бие. Бедеу - құлындамайтын жылқы.




# ӘНШІ

(称为“天才少年”的迪马西 一出台就放大招)", - деген сөздерден Димаш Құдайберген туралы қандай пікірді оқуға болады?

1. Азияның жұлдызы жазған әнші
2. Тәңір өзі назарына алған жас әнші
3. Талантты, қабілетті әнші




Қытай тілінде басылған жазбадан:  
"Шоуға Қытай әншілері қатысады, ал  
Қазақстаннан Димаш есімді әнші  
келген. Димашқа қытай сарапшылары  
"талантты, қабілетті әнші" деп баға  
берді. Ол Францияның ең қиын әнін  
орындады. Қытай халқы Димашты  
шапалақ соғып тұрып қарсы алды.  
Димаш – Тәңір өзі назарына алған жас  
әнші (称为“天才少年”的迪马西 一出台  
就放大招 )", - деген сөздерді оқуға  
болады.





Орхон-Енисей ескерткіштері  
қай ғасырды қамтиды?

- 1) VІІІ ғасыр
- 2) XІ-XІІ ғасыр
- 3) XV-XVІ ғасыр



Орхон ескерткіштерінде Монғолия жеріндегі бір замандарда түркілер мекендеген Орхон өзені маңайларынан табылған тастағы жазулар жатады. Олар: Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Онгин, Суджа, Құлы-Шора, Мойын-Шора ескерткіштері. Ескерткіштер VII-VIII ғас.ғы түркі ру-тайпаларының іргелі елі – Түрк қағанатының тұсында жазылған. Білге қаған (хан), Күлтегін (әскербасы), Тоныкөк (ақылшы, кеңесші) сияқты атақты, беделді азаматтарына арнап тұрғызылған.


Орхон ескерткіштері XVIII ғас.да табылып, зерттеу жүргізілген. Ондағы руналық таңбаларды (қазақтың ру таңбаларына ұқсас таңба) алғаш түсініліп, оқып шыққан Дания ғалымы Вильгельм Томсен (1893 ж.)



# Отан

Шахматтың Отаны.

1. Англия
2. Франция
3. Үндістан





Үндістан – шахматтың Отаны. Ежелде оларды «четуранга» (яғни піл, ат, пешкалармен тікелей байланысты) деп атаған. Аудармасында «төрт әскери жасақ» дегенді білдіреді.



# Ұйқы

Америкалық ғалымдардың зерттеуінше...

- 1) Ауыр көрпе жамылған адам жақсы ұйықтайды
- 2) Көп түкірген адам имунитетінен арылады
- 3) Көп күлген сайын өмірі ұзарады





Американдық ғалымдар жамылатын көрпе салмағының ұйқыға қаншалықты әсер ететіне зерттеу жүргізген екен. Осылайша, көрпе ауыр болған сайын, адамның жақсы ұйықтайтынын анықтаған. Яғни денеге түсірілген жеңіл-желпі қысым жүйке жүйесін мазасыздыққа, ал керісінше, күшті, бірақ жұмсақ қысым сабырлы күйге әкеледі екен. Дәрігерлердің тым мазасыз, аса белсенді, не болмаса аутизм және ДЦП дерттеріне ұшыраған балаларға ауыр көрпені жамылуға кеңес береді екен.



# Шешуші сұрақ

Қазақстандағы «Қызыл кітап» қай жылы шықты?

- 1) 1978 жылы
- 2) 1979 жылы
- 3) 1980 жылы







Қазақстанның Қызыл кітабы – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым. 1978 жылдан шығарыла бастады.



# ФУТБОЛ

## Дриблинг деген не?

1. жарыстағы командалардың ойын, жеңіс, тең ойын, жеңіліс, гол саны және ұпайларын реттік бойынша көрсететін әдемі кесте.
2. футболшының допты түрлі маневрлар арқылы өзімен бірге ұзақ қашықтыққа алып жүре алуы.
3. футболшының қарсыласын әдемі қимылдар арқылы алдап өтуі.



Турнир кестесі — жарыстағы командалардың ойын, жеңіс, тең ойын, жеңіліс, гол саны және ұпайларын реттік бойынша көрсететін әдемі кесте.

Дриблинг — футболшының допты түрлі маневрлар арқылы өзімен бірге ұзақ қашықтыққа алып жүре алуы. Қазіргі футболда сирек кездессе де кейде болып тұрады.

Финт — футболшының қарсыласын әдемі қимылдар алдап өтуі.

